Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№42 (1002) Бейсенбі 5 қараша 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ӨҢІРЛІК ЖОСПАРЫ ӘЗІРЛЕНЕДІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы Президент Жолдауын іске асырудың Өңірлік жоспарын әзірлеп, бекітуді тапсырды.

«Мемлекет басшысы Үкімет пен өңір әкімдеріне экономиканың тұрақты өсімі, инвестиция тарту және инфрақұрылымды жаңғырту жөнінде міндеттер жүктеді. Ендігі бағытымыз – Жолдауда айтылған бастамаларды нақты істермен ұштастырып, оларды тиімді әрі нәтижелі жүзеге асыру. Осыған байланысты облыстық экономика және қаржы басқармасы 10 қарашаға дейін барлық тапсырманы қамтитын өңірлік жоспар әзірлеуі қажет. Күн тәртібіндегі келесі маңызды мәселе – халықты сапалы дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету. Өздеріңізге белгілі, диспансерлік есепте тұрған азаматтарға тегін дәрілік заттар республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен беріледі.

Биыл республикалық бюджеттен бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 3,9 млрд теңгеге артып, 12,9 млрд теңге болды. «СК-Фармация» мекемесі жыл басынан бері өңірге республикалық бюджет есебінен 11,9 млрд теңгенің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдарын жеткізіп, 149 мың науқас 9,4 млрд теңгенің дәрілік заттарын алды. Сондай-ақ биылғы 10 айда 481 науқасқа 1,7 млрд теңгенің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдары берілген.

Денсаулық сақтау министрлігінің клиникалық фармакология қызметін жетілдіру жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес, облыстағы 14 медициналық ұйымда госпитальдық фармация бөлімшелері ашылды. Бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да сапалы әрі жүйелі түрде жалғастыру қажет», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жиында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан Қуанышбаев атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде баяндама жасады.

Мәжіліс қорытындысында облыс әкімі жауапты сала басшыларына бірқатар нақты тапсырма берді. Атап айтқанда, жыл соңына дейін облыс тұрғындарын дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен толық қамтамасыз ету, келесі жылға арналған қажеттіліктің нақты жоспарын әзірлеу керек. Дәрілік заттарға деген нақты сұраныс ескерілуі тиіс, негізсіз артық немесе жеткіліксіз етіп тапсырыс беруге болмайды. Осы ретте медициналық ұйымдардың дәрі-дәрмекпен қамтылуын тұрақты бақылау, жүйелі мониторинг жүргізу тапсырылды.

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯСЫНЫҢ КОНЦЕРТІ ӨТТІ

Өнер орталығында Тайжан Қалмағамбетов атындағы Ұлытау облыстық филармониясының «Ұлытаудан Сыр еліне ақ жолмен жеткен ән-сәлем» атты концерті өтті.

Өнер кешінде Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Күлбаев шығармашылық ұжымға аймақ басшысының арнайы құттықтауын жеткізіп, ықылас гүлін табыстады.

Концертте Ұлытау өңірінің өнер майталмандары көрерменге қазақтың әні мен күйін ұсынып, ұлттық өнердің мол мұрасын тарту етті. Өнер кеші Ұлытау мен Сыр елінің мәдени сабақтастығын айқындап, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады.



ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрменбаев Тереңөзек кентінде салынып жатқан тұрғын үйлердің сапасына бақылау жүргізді.

2026 жылдың соңына дейін коммуналдық тұрғын үй қорынан Тереңөзек кентіндегі жапсарлас салынған 25 тұрғын үйді (50 пәтер) беру жоспарлануда. Бүгінде құрылыс жұмыстарының соңғы кезеңі орындалып, нысандарды белгіленген мерзімде пайдалануға беру бағытында тиісті жұмыстар атқарылуда.

Аудан басшысы тұрғын үй мәселесі тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды міндеттердің бірі екенін айтып, атқарылып жатқан жұмыстардың сапалы аяқталуы мен белгіленген мерзімде пайдалануға берілуін тапсырды.





«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2027 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4510 теңге

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

• Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!

• Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ҚАЛА ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Шаһар басшысы Нұржан Ахатов актив отырысында жаңа аппарат басшысын таныстырды. Бұл лауазымға Азамат Амантайұлы Мыңбаев тағайындалды.

Қала әкімі аппаратының алдында тұрған шешілуі тиіс мәселелерге тоқталған Нұржан Сәбитұлы тағайындалған аппарат басшысына бірқатар міндеттер жүктеді.

«Азамат Амантайұлы – өзекті мәселелерге терең талдау жасап, жұмыстың тиімділігін арттырып, кадрлық құрамды нығайтып, тәртіпті күшейту керек. Бұл ретте, мемлекеттік қызметте жинаған мол тәжірибеңізбен осы жұмыстарды жоғары деңгейде іске асыратыныңызға сенім білдіремін», -деді қала әкімі.

Азамат Амантайұлы 1989 жылы Қызылорда қаласында туылған.

2012 жылы «Болашақ» университетін «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», 2014 жылы «Құқық қорғау қызметі» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2009 жылы облыс әкімі аппаратында штаттан тыс қызметші болып бастаған. Әр жылдары ақпараттық технологиялар орталығында жетекші сарапшы, бөлім басшысы, облыс әкімі аппаратында бас инспектор, қала әкімі аппаратында бөлім басшысы, Шиелі ауданы әкімінің аппарат басшысы қызметтерін атқарған.

2023 жылдан бастап облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары лауазымын атқарып келген.

Ал, бұған дейін қала әкімі аппаратының басшысы болған Мұрат Ибрагимұлы Тасқараев басқа қызметке ауысуына байланысты қызметінен босатылды. Мұрат Ибрагимұлына шаһардың дамуына қосқан зор үлесі үшін Қызылорда қаласының ең жоғарғы марапаты «Құрмет» грамотасы табысталды.

АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ


Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында азаматша К.-ге қатысты іс қаралды. Іс құжаттарынан анықталғандай, азаматша К. «Tik-tok» әлеуметтік желісінде отырып былапыт сөйлеп, қоғамдық тәртіпті бұзатын әрекеттер жасаған.

Сот отырысында К. өз кінәсін мойындаған. Оның әрекеті әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, іске қатысушылардың түсініктерімен және істің басқа да құжаттарымен бекітілген.

Сот қаулысымен К. Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 60550 теңге әкімшілік айыппұл тағайындалды

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ

Жаңақорған аудандық сотында сотқа талап қою беру тәртібі, татуластыру рәсімдері және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселелеріне арналған дөңгелек үстел өтті. Шараға аудандық соттың төрағасы А.Жолдыбаев, аудандық соттың судьялары, мемлекеттік органдардың өкілдері, банк филиалдарының өкілдері қатысты.



Аудандық сот төрағасы А.Жолдыбаев дөңгелек үстелді ашып, көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығын атап өтіп, өз сөзінде банктерден түсетін талап қою бойынша мемлекеттік тілдің қолданылуы аясын кеңейту мәселесіне тоқталды.

Сонымен қатар, міндеттемелерді орындамау және қарызды қайтару мәселелеріне қатысты азаматтық даулар жиі кездесетінін, заңнамада көзделген жағдайларда тараптар өзара келісімге келіп, дауды медиация тәртібімен шешуге құқығы бар екенін тілге тиек етіп, татуластыру рәсімдерінің тиімділігін атап өтті. Дөңгелек үстел соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

«Ел тілегі» ақпарат

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Сыр өңірінде қысқы жылыту маусымы барысында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қайғылы жағдайлардың алдын алу және тұрғын сектордағы сақтық шараларын күшейту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Өңірдегі өрт жағдайы, жүргізілген мемлекеттік өрт бақылауының нәтижелері мен профилактикалық акциялардың барысы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында өткен брифингте кеңінен сөз болды.

Баспасөз жиынында Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бірінші орынбасары Жасұлан Түйменов тілсіз жаудың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шараларды баяндады.

«Жыл басынан бері Департамент тарапынан 985 нысанда бақылау іс-шаралары жүргізіліп, өрт қауіпсіздігі талаптарының 6 мыңнан астам бұзушылығы анықталды. Тілсіз жаудың басым бөлігі тұрғын сектор мен автокөліктерде орын алып отыр. Осыған байланысты біз алдын алу жұмыстарын барынша қарқындаттық. Азаматтарды үй жағдайында өрт қауіпсіздігіне бейжай қарамай, пеш пен электр құрылғыларында ақау туындаған бойда бірден мамандарға жүгінуге шақырамыз. Төтенше жағдайлар қызметі үшін ең басты міндет – қауіптің салдарымен күресу емес, оның алдын алу», – деді Жасұлан Қалдыбайұлы.

Төтенше жағдайлар департаменті өкілдерінің берген мәліметіне сүйенсек, өңірдегі әлеуметтік осал санаттағы азаматтар тұратын 5 864 тұрғын үйдің тізімі нақтыланып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 300 дана көміртегі тотығын анықтайтын датчик сатып алынған. Бүгінгі күнге дейін мамандар 16 428 тұрғын үйдің ауласын аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Бақылау жұмыстарының нәтижесінде талаптарды бұзған нысан иелеріне 875 әкімшілік іс қозғалып, 18 миллион теңгеден астам айыппұл салынған. Төтенше жағдайлар қызметі рейдтік және профилактикалық шараларды жылыту маусымының соңына дейін жүйелі түрде жалғастыруды жоспарлап отыр.

Жергілікті төтенше жағдайлар қызметі мен жауапты мекемелердің бірлескен профилактикалық жұмыстары тілсіз жаудан келетін қауіп-қатердің айтарлықтай төмендеуіне ықпал етеді. Алайда қауіпсіздік ең алдымен әрбір азаматтың жеке жауапкершілігіне тікелей байланысты. Тұрғындарды сақтық шараларын қатаң сақтап, жылыту құрылғыларын уақытылы тексеруге және өз өмірі мен жақындарының амандығына бейжай қарамауға шақырамыз.



ШИЕЛІДЕ ЕҢБЕК ОЗАТТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Шиелі ауданында «Алтын күз – 2026» мерекесі аясында даңғайыр диқан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың 135 жылдығына арналған «Жұлдызы жарық Шиелі» атты театрландырылған қойылым көрсетіліп, ауыл шаруашылығы саласының еңбек озаттарын марапаттау рәсімі өтті. Аймақ басшысы диқандарға алғыс білдіріп, аграрлық саладағы жетістіктерге тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы Жолдауында Қызылорда облысының шаруалары қатаң климатқа қарамастан жүгері мен соя өсіріп, терең өңдеуді қолға алғанын ерекше атап өтті. Бұл – Президенттің Сыр еңбеккерлеріне берген жоғары бағасы. Алдағы уақытта да диқандарымыз аграрлық саланы жаңа деңгейге көтеріп, еңбегін еселей түсетініне сенемін.

Соңғы жылдары облысымыз ел дамуының көшінде алдыңғы қатардан көрініп келеді. Биыл ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдауға 37 млрд теңге бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда бір жарым есе көп. Осы жылдың тоғыз айында ауыл шаруашылығында 178 млрд теңгенің өнімі өндірілді.

Ел қамбасын астыққа толтырған барша диқандарымызға айрықша алғысымды білдіремін. Өңірдегі тұрақтылық пен экономикалық өсім – сіздердің еселі еңбектеріңіздің жемісі. Ұлттық дәстүрімізді ұлықтап, рухымызды асқақтататын осындай өнегелі шаралар ынтымағымызды арттырып, берекемізді тасыта берсін» ,– деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мерекелік шарада ауыл шаруашылығы саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген азаматтарға Премьер-министрдің және облыс әкімінің Алғыс хаттары, I, II, III дәрежелі «Үздік шаруашылық», «Озат күріш өсіруші», «Озат комбайншы» номинациялары бойынша марапаттар берілді. Еңбек озаттарына тұрғын үй кілті және 1 миллион теңгелік қаржылай сертификаттар табысталып, Ыбырай Жақаевтың ұлы Жақаев Сейітбек Ыбырайұлына автокөлік сыйға тартылды.



СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН САЙЫС ӨТТІ

Ауыл шаруашылығы саласының көрнекті ұйымдастырушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің туғанына 100 жыл толуына орай Жалағаш ауданы, Аққұм ауылындағы «Бағдаулет» ипподромында ұлттық спорт түрлерінен сайыстар мен ат жарысы ұйымдастырылды.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев қатысып, мерейтойлық шараның маңыздылығына тоқталып, спортшыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, елге еңбегі сіңген тарихи тұлғаның өнегелі өмір жолын атап өтіп, кейінгі ұрпаққа насихаттау бағытындағы бастамалардың маңызын атап өтті.

Алдаберген Бисенов – саналы ғұмырын туған жерінің өркендеуіне, ауыл шаруашылығының дамуына және ел игілігі жолындағы еселі еңбекке арнаған тарихи тұлға. Соғыс жылдарындағы жауынгерлік ерлігі мен бейбіт кезеңдегі қажырлы қызметі арқылы халық құрметіне бөленген қайраткердің өмір жолы – отаншылдықтың, табандылықтың және адал еңбектің жарқын үлгісі. Оның ел алдындағы еңбегі мен азаматтық болмысы бүгінгі ұрпақ үшін құндылығын жоймайтын рухани мұра болып қала бермек.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге Алдаберген Бисенов атындағы арнайы қаржылай жүлде қоры табысталды.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ СТУДЕНТ АЛТЫН МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 4-курс студенті Асылхан Айсалбаев стенд атудан халықаралық Гран-при турнирінде екі алтын медаль жеңіп алды.

Шымкент қаласындағы «Shymkent Shooting Plaza» ату кешенінде өткен жарыс ҚСРО спорт шебері Владимир Почиваловты еске алуға арналды. Нысана көздеу және стенд атудан ұйымдастырылған XXXV халықаралық Гран-приге әлемнің 14 елінен 221 спортшы қатысты.

Асылхан Айсалбаев 21 жасқа дейінгі спортшылар арасында командалық есепте жеңімпаз атанды. Сондай-ақ аралас командалық «Микс» сайысында да үздік нәтиже көрсетіп, бірінші орынды иеленді. Қызылордалық студент бұған дейін де стенд атудан өткен халықаралық және республикалық жарыстарда бірнеше мәрте чемпион атанып, жүлделі орындарды иеленген. 2025 жылғы тамыз айында стенд атудан өткен Азия чемпионатында әлемдік рекорд орнатқан.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ



Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етудің, заң үстемдігін нығайтудың және азаматтардың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімін арттырудың маңызды бағыттарының бірі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздерін айқындайды. Аталған Заңның 4-бабында заңдылық, жариялылық пен ашықтық, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану негізгі қағидаттар ретінде белгіленген.

Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасы өз құзыреті шегінде қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады. Бұл ретте жоспарлы және жоспардан тыс тексерулердің заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізілуі, тексеру нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдердің негізділігі мен объективтілігі ерекше маңызға ие.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін адал орындауы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының талаптарымен де тығыз байланысты. Мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтауға, өз өкілеттіктерін жеке мүддесі үшін пайдаланбауға, мүдделер қақтығысына жол бермеуге және азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге міндетті.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу тек мемлекеттік органның беделін сақтау үшін ғана емес, ең алдымен, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау және қауіпті өндірістік объектілерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маңызды. Сондықтан бақылау іс-шаралары барысында заң талаптарының бірдей қолданылуы, қандай да бір артықшылықтарға жол берілмеуі және әрбір шешімнің заңды негізде қабылдануы басты назарда болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекеттік қызметшілер мен қоғамның ортақ міндеті. Заңдылықты сақтау, адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстану арқылы ғана мемлекеттік органдардың жұмысына деген қоғамдық сенімді нығайтуға болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, қызметтік әдеп талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы тұрақты негізде зерделеу маңызды. Әрбір қызметкер өзінің іс-әрекеті мен қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілікті сезініп, заңсыз әрекеттерге мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстануы қажет.

Мемлекеттік орган мен кәсіпкерлік субъектілері арасындағы өзара іс-қимыл заң талаптарына негізделіп, іскерлік әдеп пен өзара құрмет қағидаттары сақталған жағдайда ғана бақылау жұмыстарының тиімділігі артады. Азаматтар мен кәсіпкерлер де өз құқықтарын біліп, заңсыз сыйақы талап ету немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттерге тап болған жағдайда, бұл туралы уәкілетті органдарға хабарлауға құқылы.

Осы бағыттағы жүйелі жұмыс сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында заңдылықты нығайтуға мүмкіндік береді.

М.АЙТИМОВА,
Қызылорда облысының ТЖД ӨҚБ бөлім басшысы

АУЫЗ СУ, АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Атмосфералық ауаның сапасы халықтың денсаулығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл мәселе ірі және халық тығыз қоныстанған қалалар, өнеркәсіптік өңірлер және көлік жүктемесі жоғары аумақтар үшін ерекше маңызға ие.

Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыттарының бірі – атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторинг жүргізу. Ауа сынамалары көпжылдық зерттеулердің нәтижелері мен халық денсаулығына төнетін ықтимал тәуекелдерді ескере отырып айқындалған бақылау нүктелерінен алынады.

Жыл сайын республика бойынша 600 мыңнан астам атмосфералық ауа сынамасы алынып, зерттеледі. Мониторинг шамамен 4,1–4,5 мың бақылау нүктесінде жүргізіледі.

Санитариялық қызмет атмосфералық ауаның ластану деңгейі мен халық денсаулығының жай-күйі арасындағы байланысты бағалап, тәуекелдерді айқындайды. Зерттеу нәтижелері басқарушылық шаралар қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдарға жолданып, өңірлерді дамыту, жер учаскелерін пайдалану және зиянды заттар шығарындыларының көздері болып табылатын объектілерді орналастыру мәселелерін жоспарлау кезінде ескеріледі.

Осылайша, атмосфералық ауаның санитариялық мониторингі экологиялық тәуекелдерді уақытылы анықтауға және халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Сырдария ауданында атмосфералық ауаға шығындылары бар нысандар, өндірістік орнында орналасқан. Барлық көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттардың қауіптілігі аудандық басқармамен бақыланып отырылады.

Аудан бойынша тұрақты негізде елді мекендердің атмосфералық ауасының жай-күйіне санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізіледі.

Атмосфералық ауадан сынама алу жұмыстары магистральды көшелерде, кент, елді-мекеннің қоныстану аймақтарында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-193/2020 бұйрығымен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес атқарылуда.

Бүгінгі таңда аудан бойынша 2026 жылдың 9 ай қорытындысымен атмосфералық ауаның 75/0 сынамасы алынып, оның ішінде шектеліп рұқсат етілген концентрациядан жоғары анықталғаны болған жоқ.

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бақылауында 17 сумен жабдықтау объектісі бар, оның барлығы орталықтандырылған жүйелердің су құбырлары, яғни аудан тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған ауыз су жүйесін қолданады.

2026 жылдың 9 ай қорытындысымен мониторингтік бақылаумен осы орталықтандырылған ауыз су жүйелерінен әрбір 3 ай сайын су сынамалары алынып, зерттелінді. Нәтижесінде орталықтандырылған сумен жабдықтау объектілерінен микробиологиялық көрсеткіштерге 153/3 су сынамасы алынып, оның ішінде 3 сынамадан оң нәтиже анықталып, талаптарға сәйкес келмеушілік 1,96 пайызды құрады. (Қалжан-Ахун ауылының орталықтандырылған ауыз су жүйесінен алынған ауыз су сынамасы 9/3-„3 пайыз)

Ауыз судың санитариялық-химиялық көрсеткіштеріне 153 сынама алынып, оның 9- ында сәйкессіздік анықталды, сай келмейтін сынамалардың үлес салмағы 5,8 пайызды құрады (С.Сейфуллин ауылының орталықтандырылған ауыз су жүйесінен — 90 %). Санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша сәйкессіздік көбіне құрғақ қалдық, хлоридтер бойынша нормадан жоғары анықталды.

Сәйкес келмейтін үлгілердің барлық фактілері бойынша басқару шешімдерін қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдарға және су пайдалану объектілерінің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне ақпарат жолданып, су жүйесінде суды қайта айдау, залалсыздандыру, жуу жұмыстары атқарылды.

Мониторингтік бақылау шаралары жалғасын табады.

Қ.ОМАРОВА,
Сырдария аудандық СЭББ басшысы

2026 жылғы IV тоқсанда «Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі.

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі,аты,әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Жамалатов Мардан Сырмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті 15:00 ден 19:00 ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	8(72431) 31-9-95 32-3-82

Хабарлама

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Шиелі ауданы, Шиелі кенті, И.Әбдікәрімов көшесі, №11 мекен-жайда орналасқан «Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылғы «07» желтоқсан сағат 9:00 - ден бастап 2026 жылғы «28» желтоқсан сағат 19:00- ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі №6 мекен-жайындағы Шиелі ауданының әкімдігінің ғимараты 2026 жылы «29» желтоқсан күні сағат 10:00- де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде;

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсыныста, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2026 жылғы «29» желтоқсан күні сағат 10:00-ге дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Толық ақпаратты Шиелі ауданы, Шиелі кенті, И.Әбдікәрімов көшесі, №11 мекен-жайда орналасқан «Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Байланыс тел/факс. 8(72432) 35-2-00.

«Шиелі ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімі

Р/н	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің көлемі га	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауылшаруашылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі
1	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сарысу өңірі «Алатаға» аймағы	900,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	539[1] лс ДД-Әлсіз тұзды жеңіл саздақты сұр-қоңыр топырақ	Жайылым-898,0га Басқа алқап – 2,0га	4	Мал шаруашылығы	Бар
2	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сарысу өңірі "Алатаға" аймағы	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	539[1] лс ДД-Әлсіз тұзды жеңіл саздақты сұр-қоңыр топырақ	Жайылым-498,0га Басқа алқап – 2,0га	3	Мал шаруашылығы	Бар
3	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сарысу өңірі "Ащы" скважина аймағы	1500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	529[1]+528[2]· лс-Әлсіз тұзды қоңыр жеңіл саздақты топырақ орташа тұздылау қоңыр топырақпен 10%-ға дейін кешенде	Жайылым-1498,0га Басқа алқап – 2,0га	5	Мал шаруашылығы	Бар
4	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сарысу өңірі "Ахмет Ишан" аймағы	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	729п –Жалды-бұйратты бекіген құмдар	Жайылым-498,0га Басқа алқап – 2,0га	1	Мал шаруашылығы	Бар
5	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, "Жаңғызжал" өңірі	1000,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	718[2]+662[1] лг-Тақыр тәріздес орташа тұзданған жеңіл сазды топырақ тосаптық қоңыр шалғындық әлсіз тұзды топырақпен 10-30% кешенде	Жайылым - 998,0 га Басқа алқап – 2,0га	19	Мал шаруашылығы	Бар
6	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, "Ақтоған" өңірі	50,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	718[2]+662[1] лг-Тақыр тәріздес орташа тұзданған жеңіл сазды топырақ тосаптық қоңыр шалғындық әлсіз тұзды топырақпен 10-30% кешенде	Жайылым - 48,0 га Басқа алқап – 2,0га	25	Мал шаруашылығы	Бар
7	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сарысу өңірі	1000,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	537 лс – Жеңіл саздақты сұр-қоңыр топырақ	Жайылым - 998,0 га Басқа алқап – 2,0га	2	Мал шаруашылығы	Бар
8	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Жарма скважинасы	400,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	539[3]-Күшті тұзды сұр-қоңыр орташа саздақты топырақ	Жайылым - 398,0 га Басқа алқап – 2,0га	3	Мал шаруашылығы	Бар
9	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Қонысбек өңірі	780,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	529[2]+528[2]· лс-Орташа тұзды жеңіл саздақты қоңыр топырақ орташа тұздылау қоңыр топырақпен 10-30%-ға дейін кешенде	Жайылым - 778,0га Басқа алқап – 2,0га	6	Мал шаруашылығы	Бар
10	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Бала мола өңірі	1000,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	537 лс – Жеңіл саздақты сұр-қоңыр топырақ	Жайылым - 998,0 га Басқа алқап – 2,0га	2	Мал шаруашылығы	Бар
11	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сор көл өңірі	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	527[2]+529[2]· с-Сортаңдау-күшті тұздылау орташа саздақты қоңыр топырақ орташа тұзды қоңыр топырақпен 10%-ға дейін кешенде	Жайылым - 498,0га Басқа алқап – 2,0га	5	Мал шаруашылығы	Бар
12	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Сарысу өңірі	880,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	530+612 п –Әлсіз дифференциалды қоңыр құмды топырақ батпақты қоңыр тұзданған топырақтармен 10%-ға дейін кешенде	Жайылым - 878,0га Басқа алқап – 2,0га	2	Мал шаруашылығы	Бар
13	Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі, Жылауық өңірі	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	530 с - Әлсіз дифференциалды орташа саздақты қоңыр топырақ	Жайылым - 498,0га Басқа алқап – 2,0га	4	Мал шаруашылығы	Бар
14	Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, Қоспа өңірі	300,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	1531а с ДД-Толық дамымаған орташа саздақты орташа қиыршық тасты топырақ	Жайылым - 298,0га Басқа алқап – 2,0га	9	Мал шаруашылығы	Бар
15	Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, Шахмардан өңірі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	1531а лс ДД-Толық дамымаған сұр-қоңыр жеңіл саздақты орташа қиыршық тасты топырақ	Жайылым - 198,0га Басқа алқап – 2,0га	9	Мал шаруашылығы	Бар
16	Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, Таскора өңірі	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	1531а лс ДД-Толық дамымаған сұр-қоңыр жеңіл саздақты орташа қиыршық тасты топырақ	Жайылым - 198,0га Басқа алқап – 2,0га	9	Мал шаруашылығы	Бар
17	Шиелі ауданы, Еңбекші ауылдық округі, Төлеген жұрты өңірі	100,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	1532а лс ДД-Аз дамыған сұр-қоңыр жеңіл саздақты орташа қиыршық тасты топырақ	Жайылым - 98,0га Басқа алқап – 2,0га	10	Мал шаруашылығы	Бар
18	Шиелі ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Қалғандария өңірі	20,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	662[2]+641а[2] г-Тосаптық қоңыр шалғындық орташа тұзды орташа сазды топырақ тосаптық қоңыр шалғындық тоғайлы орташа тұзданған топырақпен 10-30% кешенде	Жайылым - 18,0га Басқа алқап – 2,0га	15	Мал шаруашылығы	Бар
19	Шиелі ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Аққұм өңірі	300,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	662[2]+664б[2] тс-Тосаптық қоңыр шалғындық орташа тұзды ауыр сазды топырақ тосаптық қоңыр шалғынды батпақты орташа тұзды топырақпен 10-30% кешенде	Жайылым - 298,0га Басқа алқап – 2,0га	17	Мал шаруашылығы	Бар
20	Шиелі ауданы, Талаптан ауылдық округі, «2-көпір» маңында	100,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	539[1]+721 с-Әлсіз тұзды сұр-қоңыр орташа саздақты топырақ тұзданған тақырлармен 10% кешенде	Жайылым - 98,0га Басқа алқап – 2,0га	6	Мал шаруашылығы	Бар
21	Шиелі ауданы, Ақмая ауылдық округі, №7 КАЕ	28,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуі үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	664б[3] г- Тосаптық қоңыр шалғынды-батпақты күшті тұзды орташа сазды топырақ	Егістік - 26,0га Басқа алқап – 2,0га	10	Егін шаруашылығы	Бар
		10758							

Объявление

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе осуществляется в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Шиелийского района», расположенном по адресу: Шиелийский район, поселок Шиели, улица И. Абдыкаримовой №11 с 9:00 часов «07» декабря 2026 года до 19:00 часов «28» декабря 2026 года.

Проведение конкурса начнется «29» декабря 2026 года в 10:00 часов в актовом зале акимата Шиелийского района по адресу: Шиелийский район, поселок Шиели, улица Т. Рыскулова №6.

В заявке на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства;

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан - сведения о наименовании юридического лица, его местонахождении, государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя - юридического лица с указанием размера долей в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), аффилиированных лиц заявителя сведения о;

2) для физических лиц - сведения о фамилии, имени и отчестве заявителя (если оно указано в документе, удостоверяющем личность), месте жительства, гражданстве, индивидуальном идентификационном номере, документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местонахождение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства, уведомление о необходимости подписания договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства; в течение трех рабочих дней со дня получения должно содержаться обязательство по заключению указанного договора.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства может быть представлена уполномоченными представителями физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

В конкурсном предложении:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по разработке и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) выполнение требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденные приказом министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года №7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 19893), выполнение индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, выполнение научных обоснованных агротехнологий, должны содержаться обязательства по соблюдению фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, представленные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение, за исключением случаев подачи через веб-портал «электронного правительства», представляется участником конкурса в закрытом конверте, страницы которого пронумерованы, прошнурованы или прошнурованы несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения подписана участником-для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) - для юридических лиц и заверяется печатью (при наличии).

В заявке и конкурсном предложении между строками не должно быть вставок, стирания или приписки, за исключением случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические и арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения записываются слова» конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства и «29» декабря 2026 года не может быть открыт до 10:00 часов « (указывается фактическая дата открытия).

Более подробную информацию можно получить в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Шиелийского района», расположенном по адресу: Шиелийский район, поселок Шиели, улица И. Абдыкаримовой №11. Контактный тел / факс. 8(72432) 35-5-02.

Коммунальное государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Шиелийского района»

Перечень земельных участков, находящихся в государственной собственности крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного назначения

Р/н	Местоположение земельного участка (отдаленность от сельского округа № лота земельного участка	Общая площадь земельного участка га	Земельный участок предоставляется для: Для сельскохоз яйственно го производс тва	Право землепользования	Описание почвы	Состав полей	Качественная характеристика почв, (балл бонитет)	Сельскохозяйственная специализа ция региона	Водо обеспе ченность
1	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Алатага»	900,0	Для ведения крестьянс кого или фермерского хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	539[1] лс ДД-Слабозасоленные легкосуглинистые серо-бурые почвы	Пастбища-898,0га Прочие -2,0 га	4	Животноводство	Водообеспечен
2	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Алатага»	500,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	539[1] лс ДД-Слабозасоленные легкосуглинистые серо-бурые почвы	Пастбища-498,0га Прочие -2,0 га	3	Животноводство	Водообеспечен
3	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Сарысу», скважина «Ащы»	1500,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	529[1]+528[2]· лс-Слабозасоленные бурые легкосуглинистые почвы в комплексе со среднезасоленными бурыми почвами (до 10 %).	Пастбища-1498,0га Прочие -2,0 га	5	Животноводство	Водообеспечен
4	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Сарысу» тер. «Ахмет Ишан»	500,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	729п –Грядово-бугристые закреплённые пески.	Пастбища-498,0га Прочие -2,0 га	1	Животноводство	Водообеспечен
5	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Жангызжал»	1000,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	718[2]+662[1] лг-Такыровидные среднезасоленные легкоглинистые почвы в комплексе с лугово-бурыми слабозасоленными почвами (10–30 %).	Пастбища - 998,0 га Прочие -2,0 га	19	Животноводство	Водообеспечен
6	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Актоган»	50,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	718[2]+662[1] лг- Такыровидные среднезасоленные легкоглинистые почвы в комплексе с лугово-бурыми слабозасоленными почвами (10–30 %).	Пастбища - 48,0 га Прочие -2,0 га	25	Животноводство	Водообеспечен
7	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Сарысу»	1000,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	537 лс – серо-бурые легкосуглинистые почвы	Пастбища - 998,0 га Прочие -2,0 га	2	Животноводство	Водообеспечен
8	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, скважина «Жарма»	400,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	539[3]- сильнозасоленные серо-бурые среднесуглинистые почвы	Пастбища - 398,0га Прочие -2,0 га	3	Животноводство	Водообеспечен
9	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Конысбек»	780,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	529[2]+528[2]· лс-Среднезасоленные легкосуглинистые бурые почвы в комплексе со слабозасоленными бурыми почвами (10–30 %).	Пастбища - 778,0 га Прочие -2,0 га	6	Животноводство	Водообеспечен
10	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Бала мола»	1000,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	537 лс – Серо-бурые легкосуглинистые почвы.	Пастбища - 998,0 га Прочие -2,0 га	2	Животноводство	Водообеспечен
11	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Сор коль»	500,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	5272+5292 . с-Солонцеватые-слабозасоленные среднесуглинистые бурые почвы в комплексе со среднезасоленными бурыми почвами (до 10 %)	Пастбища - 48,0га Прочие -2,0 га	5	Животноводство	Водообеспечен
12	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Сарысу»	880,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	530+612 п –Слабо дифференцированные бурые песчаные почвы в комплексе с заболоченными засоленными бурыми почвами (до 10 %).	Пастбища - 878,0га Прочие -2,0 га	2	Животноводство	Водообеспечен
13	Шиелиийский район, сельский оруг Сулутобе, урочище «Жылауық»	500,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	530 с - Слабо дифференцированные среднесуглинистые бурые почвы	Пастбища - 498,0га Прочие -2,0 га	4	Животноводство	Водообеспечен
14	Шиелиийский район, сельский оруг Еңбекший, урочище «Коспа»	300,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	1531а с ДД-Слаборазвитые среднесуглинистые среднещебнистые почвы	Пастбища - 298,0га Прочие -2,0 га	9	Животноводство	Водообеспечен
15	Шиелиийский район, сельский оруг Еңбекший, урочище «Шахмардан»	200,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	1531а лс ДД-Слаборазвитые серо-бурые легкосуглинистые среднещебнистые почвы	Пастбища - 198,0га Прочие -2,0 га	9	Животноводство	Водообеспечен
16	Шиелиийский район, сельский оруг Еңбекший, урочище «Таскора»	200,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	1531а лс ДД-Слаборазвитые серо-бурые легкосуглинистые среднещебнистые почвы	Пастбища - 198,0га Прочие -2,0 га	9	Животноводство	Водообеспечен
17	Шиелиийский район, сельский оруг Еңбекший, урочище «Толеген журты»	100,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	1532а лс ДД-Слаборазвитые серо-бурые легкосуглинистые среднещебнистые почвы	Пастбища - 98,0га Прочие -2,0 га	10	Животноводство	Водообеспечен
18	Шиелиийский район, сельский оруг Когалы, урочище «Калгандария»	20,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	662[2]+641а[2] г-Лугово-бурые среднезасоленные среднесуглинистые почвы в комплексе с лугово-бурыми луговыми среднезасоленными почвами (10–30 %)	Пастбища - 18,0га Прочие -2,0 га	15	Животноводство	Водообеспечен
19	Шиелиийский район, сельский оруг Когалы, урочище «Аккум»	300,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	662[2]+664б[2] тс-Лугово-бурые среднезасоленные тяжелосуглинистые почвы в комплексе с лугово-бурыми лугово-болотными среднезасоленными почвами (10–30 %)	Пастбища - 298,0га Прочие -2,0 га	17	Животноводство	Водообеспечен
20	Шиелиийский район, сельский оруг Талаптан, урочище «2-көпір»	100,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	539[1]+721 с-Слабозасоленные серо-бурые среднесуглинистые почвы в комплексе с засоленными такырами (10 %)	Пастбища - 98,0га Прочие -2,0 га	6	Животноводство	Водообеспечен
21	Шиелиийский район, сельский оруг Акмая, №7 КАЕ	28,0	Для ведения крестьянс кого или фермерск ого хозяйства	Право временно оплачиваемой аренды земельного участка (аренды) на 10 (десять) лет	664б[3] г- Лугово-бурые лугово-болотные сильнозасоленные среднесуглинистые почвы.	Пашня - 26,0га Прочие -2,0 га	12	Земледелие	Водообеспечен
		10758							

Денсаулық сақтау саласының цифрлық трансформациясы: Qalqan жүйесінің мүмкіндіктері

Қызылорда облысында денсаулық сақтау саласын цифрландыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның негізгі бағыттарының бірі – медициналық ұйымдардың өндірістік базаларын Qalqan цифрлық жүйесіне енгізу. Бүгінгі таңда өңірдегі 703 өндірістік базаның 685-і цифрландырылды. Бұл жалпы санның 97,4 пайызын құрайды.

Цифрлық трансформация және Qalqan жүйесін енгізу барысы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалы, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, Медициналық, Фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері, сондай-ақ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері басшыларының қатысуымен өткен жұмыс кеңесінде талқыланды.

Өндірістік базаларды цифрландыру медициналық ұйымдардың ресурстары мен нақты мүмкіндіктері туралы бірыңғай электрондық деректер қорын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жүйеде мекемелердің материалдық-техникалық жабдықталуы, кадрлық әлеуеті және медициналық көмек көрсету мүмкіндіктері туралы мәліметтер жинақталады.

«Цифрландыру – ең алдымен денсаулық сақтау жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды құрал. Медициналық ұйымдардың мүмкіндіктері туралы нақты әрі өзекті мәліметтер олардың әлеуетін объективті бағалауға, медициналық көмек көрсету көлемін сапалы жоспарлауға және оны қаржыландыру тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Біздің ортақ міндетіміз – деректердің толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету. Сонда цифрлық құралдар пациенттер мен медициналық ұйымдардың игілігіне қызмет етеді», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Сапар Рахменшеев.

Qalqan жүйесі медициналық көмек көрсету көлемін жоспарлау, бөлу, көрсетілген қызметтерді мониторингтеу және оларды төлеу үдерістерін жетілдіруге арналған бірыңғай құрал болмақ. Сонымен қатар, бұл жүйе қолданыстағы медициналық ақпараттық жүйелерді алмастырмайды, керісінше, денсаулық сақтау саласының цифрлық инфрақұрылымын толықтырып, олардың өзара ықпалдастығын қамтамасыз етеді.

«Цифрлық жүйенің тиімділігі енгізілетін ақпараттың сапасына тікелей байланысты екенін түсіну маңызды. Сондықтан Қор медициналық ұйымдармен бірлесіп, өндірістік базаларды цифрландыру, мәліметтерді уақтылы жаңарту және олардың дұрыстығын тексеру жұмыстарын жалғастыруда. Бұл қабылданатын шешімдердің объективтілігін арттырып, медициналық көмек көрсетуге бағытталған қаражатты ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Сапар Рахменшеев.

Өңірде бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Өндірістік базаларды цифрландыру - медициналық қызметтердің сапасы мен пациенттердің мүддесіне бағдарланған ашық, заманауи әрі тиімді денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Сарып ауруынан сақтанайық

Сарып (бруцеллез) - адамдарға ауру малдан жұғатын, адам денесінің буын, жүйке жүйелерін зақымдануына әкеліп соғатын, аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі.

Ауру қоздырғышы (бруцелла микробы) сыртқы ортаның әсеріне өте шыдамды келеді: сүт өнімдерінде 25 күнге дейін сақталып, мал терісінде 3-4 ай, суда 5 ай, топырақта 2-3 ай өмір сүрсе, салқын жерде ұзақ сақталады. Ауру малдардың ішіндегі ең қауіптісі уақ малдар. Ауру қоздырғыштары сыртқы ортаға ауырған малдардың тезегі, қиы, шуы, тағы басқалар арқылы бөлініп тарайды.

Ауру қоздырғыштары адам денесіне әсіресе, мал төлдету, ауру малды сою, жіліктеу, немесе жүнін қырқу кезінде тері арқылы енеді.

Ал, күнделікті тұрмыста: ауырған малдың шикі сүтін ішкенде, сол сүттен дайындалған қаймақ, ірімшік шала пісірілген ет тағамдарын пайдаланғанда жұғады.

Сарып ауруымен ауырған адам тез шаршағыш, тамаққа зауқы соқпай, басы ауырып, делсал болып бойының ауыр тартқанын сезеді. Емделмеген жағдайда ауыру күшейіп, науқастың дене қызуы 38-39 градусқа дейін көтеріліп, қол аяғы сырқырап, белі ауырып, түнге қарай малшынып терлеп, ұйқысы бұзылып, мойын, қолтық асты, шабының бездері ісініп ауырады.

Дәрігерге көрінбей, өзінше емделген жағдайда ауру созылмалы түрге айналып, науқас адамның белі шойырылып, қол аяқ буындары ісіп, қозғалтпай ауырып, әрең бүгіледі. Ауру 2-3 жылдан көп жылға дейін созылып, кейбіреулер жұмысқа жарамай сал, мүгедек болып қалуы ықтимал.

Сарыптың тек ауру малдардан немесе мал өнімдерінен жұғатынын ескерсек, бірінші кезекте сақтану шараларын аурудың көзі болып табылатын себептерді жоюдан бастаған жөн. Ол үшін, жеке меншік мал иелері мен шағын шаруашылық басшылары, жергілікті ауыл әкімдер, ветеринария мамандарымен бірлесіп, жеке меншіктегі немесе қожалықтардағы мал бастарын түгелдей есепке алып, зертханалық жолымен тексеріп, анықталған малдарды дереу оқшаулап жою жұмыстарын жүргізу керек.

Жаңұя мүшелерінде алғашқы ауру белгілері байқалған жағдайда, жедел түрде аймақтық дәрігерге қаралу қажет.

О.СӘРСЕМБАЙ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

АҚ ШАҒАЛА НЕМЕСЕ ТАҒДЫР МЕН ТАЛАНТ



Біз білгенде «Ақ шағала» дейтін бірнеше ән бар. Жүрек айдынындағы өзінің ақ шағаласын ізденп шарқ ұрған қаншама жандар болған, олар қазір де жоқ емес... Бір әннің шығу тарихын сөз ете келе жасындай жарқ етіп, құйрықты жұлдыздай ағып өткен аса талантты ақын жайлы қалам тербеуді жөн көрдік. Ол-ақын, ол-композитор, ол-әнші, ол көшбасшы. Ол-табиғат ана ажар-көрікті аямай беріп, сымбатты етіп жаратқан сегіз қырлы, бір сырлы жігіт, «ҚАЗМУДЫҢ СӘКЕНІ» атанған-Бауыржан Үсенов.

Бауыржан Үсенов-Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қошқар Ата ауылында 1960 жылдың 16 тамызында дүниеге келген. Сол ауылдағы Абай атындағы орта мектепте білім алған. Әскери борышын өтеп қайтқасын Қазақ Мемлекеттік Университеті журналистика факультетінің дайындық курсына түседі. Сөзіміз дәлелді болу үшін қаламгер Әнуарбек Әуелбектің «Жыр найзағайы» атты көлемді мақаласынан үзінді жазайық: «Өмірде сан түрлі адамдар кездеседі, әрине бәрінің өз орны, өз жолы бар. Бауыржанның орны жүрек төрінде мәңгіге қалды. Өз өлеңдерімен қоса, өзі құрмет тұтатын ақындардың өлеңдерін жиі қайталап, айтып жүретін. Үлкеніміз Мейрамбек Шілдебаев,одан кейін Бауыржан Үсенов, Ескендір Ертаев,Талғат Батырханов және мен-бесеуміз ҚазМУ қалашығындағы №8 жатақханада бір бөлмеде тұрдық. Бұл Филология факультетінің жатақханасы болатын. Дайындық бөлімінда филфак пен журфактың тыңдаушылары бір топта оқитын еді.Сол бір сәттер көңілде ыстық қалпында ұмытылмай сақталып қалды...» Бауыржан Үсенов келе сала жұрттың жүрегінде сақталатындай жауһар жырлар жазған. Журналистика факультетінің ұстазы Мамытбек Қалдыбай бірінші курста оқып жүрген бота тірсек 4 студентін Бауыржан Момышұлына ертіп апарып, батасын алдыртыпты. Солардың бірі Үсенов екен...

Белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Светқали Нұржан былай деп еске алады: «1981 жылы ҚАЗМУ қалашығында Бауыржан Үсеновпен таныстым. Ол дайындық курсынан өтіп келген екен. ҚАЗМУ қалашығының аумағы үлкен, әлі көп құрылыстар түсе қоймаған кезі. Маужырап,тұнып тұрған тұмса табиғат! Кешкілік әр жақтан талап қылып келіп, студент атанған бір топ жігіттер аулақтау жерге жиналып, сұхбат құрдық, әндер айттық. Ай жарығында кезектесіп өлеңдерімізді оқыдық...Бауыржан да оқыды, сосын әсем-қоңыр үнімен бірнеше ән салды. Сұмдық әнші екен. Сол түн менің мәңгі есімде қалды...Талантты ақын, талантты сазгер-керемет туындылар тудырды...Әндері бір әлем, әншілігі бір әлем болған Бауыржан бұрынғы өткен сал-серілердің соңғы тұяғындай еді...Бұл пәниде бар жарығын шаша алмай, бар бүршігін аша алмай кеткендер аз болмаған ғой, Бауыржан солардың бірі және бірегейі болатын...»

«Ақ шағала» әніне келейік. «Дарын» сыйлығының иегері, ақын Әубәкір Смайыл былай деп сыр шертеді: « 1986 жылдың қыркүйек айында ҚАЗМУ-дың бір топ студенттері ауыл шаруашылығы жұмыстарына көмек беру үшін Қостанай облысына бардық. Оның ішінен 12 жігітті бөліп алып, Бауыржан Үсеновті басшы етіп, Қозыбаев атындағы колхозға әкелді. жаңадан салынған мектептің бітпей қалған жұмыстарын аяқтап, бітіріп беру бізге тапсырылды... Осы 12 жігіттің бәрі кейін елге танымал азаматтар болды. Бауыржан маған бір әннің дүниеге келгенін, бірақ әлі мәтіні жоқ екенін айтып: «Әубәкір екеуміз шығармашылық одақ жасайық»,-деп өтініш білдірді. Мен қолыма қалам алып, «Ақ шағала» деген өлең жазуға кірістім. Бұл менің әнге алғашқы мәтін жазуым еді, мұнан кейін ешқандай әнге мәтін жазған емеспін. Ән бірден ауыздан-ауызға тарап кетті. Алматыға қайтар жолда, пойыз үстінде студенттер ілезде үйреніп алып, «Ақ шағаланы» шырқап қайтқанбыз...Келгесін де ән айтылып жүрді. Бірақ, үлкен сахнаға шығады деп ойламаппын. Мұны Бауыржан тыңдай алмай кетті... Саят Медеуов пен Ақбота Керімбекованың орындауында «Ақ шағала»

соншалықты әсем нақышпен ән-диалог ретінде айтылып, тыңдарманның құлақ құрышын қандырады. Қыздың сөзі (Мәтіндегі Ақботаның орындауындағы ән шумақтарын айтып отыр) менікі емес... Бірақ, үйлесімді орындалып, жүрекжарды ән-диалог болып құлпырып кеткеніне қуанамын.» Реті келіп тұрғанда «Ақ шағала» әнінің толық мәтінін жазайық:

САЯТ:
Дір-дір етіп бала белең
Бас бұрғызбай ағады екен
Жалғыз күтіп тұрмын сені
Жалғыз күтіп жағада мен
Көз жасындай көктен жұлдыз
Көкжиекке тамады әрең
Қоштасарда қолын бұлғай,
қимастықпен қарағаны
Ұя салдың жағаға қай,
менің аппақ шағалам-ай?

АҚБОТА:
Мен сенің жанарыңнан жасқанамын
Қанатын қаға алмады аспан әнім
Жол жаққа жаутаң-жаутаң қараймын деп,
Қалмады қайтем менің басқа амалым
Жол жаққа жаутаң-жаутаң қараймын деп
Қалмады қайтем аға басқа амалым

САЯТ:
Адамбыз ғой кінәлағыш
Айыпты да тағар оңай
Кеттің неге жырақ-алыс
Кеттің неге ағаламай
Мен таяздық таныттым ба
Бақытымды бағаламай
Бұл қоштасу қайбір жаным,
тиді дейсің маған оңай
Ұя салдың жағаға қай
менің аппақ шағалам-ай?

АҚБОТА:
Жыры көп айтары бар қыз баланың
Жазықсыз жүрегімнің ізде бағын
Жас түгіл, жанарында кілкі ойнатып,
Мен сені өзімнен де қызғанамын
Жас түгіл жанарыңда күлкі ойнатып,
Мен сені өзімнен де қызғанамын.

ЕКЕУІ ҚОСЫЛЫП:
Көз жасындай көктен жұлдыз
Көкжиекке тамады әрең
Қоштасарда қолын бұлғай
Қимастықпен қарағаны
Ұя салдың жағаға қай,
менің аппақ шағалам-ай?
Ұя салдың жағаға қай,
менің аппақ шағалам-ай?

Тыңдап отырып риза боласың... Бұл әнге дейін де «Раймалы мен Бегімайдың жырын» келістіре ән-диалог ретінде тебірене әрі құлпырта шырқаған Ақбота Керімбекова мен Саят Медеуовті ән әлемінің жұлдыздары десек болады. Әсіресе Ақботаның еңбегі өлшеусіз. Олай дейтін себебіміз, Ақбота ән-диалогты өнер өлкесіне бірінші әкелуші деп білсек керек. Алғаш рет біздің жерлесіміз, маркұм Нәби Аймұратовпен ән-диалог орындаған. Ол әннің аты да «Ақ шағала» болатын. Бірақ, ол жоғарыда біз жазып отырған Бауыржан Үсеновтің «Ақ шағаласы» емес, басқа «Ақ шағала» еді. Бұл диалог-ән қазақ телевидениесінің «алдын қорында» сақтаулы... Негізгі тақырыпқа оралайық: Үсеновтің «Ақ шағаласы» кім болды екен? Әнді ол кімге арнаған? Бірге оқыған курстастары бір қызық жайды еске алады. Көрші филолгтардың жатақханасында тұратын Қызылорданың қызы Гауһарға Бауыржан жүрегінің бар билігін берді:

Куә ғып Алматының барқыт түнін
Сен мені құшағыңда балқыт күнім
От көрген көбелектей келе берсем,

Ол сенің бар сұлудан артықтығың,-деп кешке қарай 8-ші жатақханадан шықпай қойып еді. Қалай дегенде Бауыржанның «Ақ шағаласы» өзінің сүйіктісі, кейін екі баласының анасы болған Тәжікенова Гауһар Жұматайқызына арналған болар?!

Осы жерде Бауыржанның бар сұлудан артық көрген Гауһарына құлақ асайық: «Бауыржан біздің бөлмеге жиі келіп жүрді. Кейде бөлмемізде отырып өлең жазады. Светқали Нұржан, Бауыржан Омаров, Еркін деген достарын бірге ертіп келетін. Ақыры бір күні Бауыржан маған ғашық екенін айтты...Содан соң Баукең екеуміздің арамыздағы таныстық үлкен махаббатқа ұласты. Ол кезде екеуміз де бірінші курста оқитынбыз. Сөйтіп 1985 жылы жазда шаңырақ көтердік. Мен төртінші курсты бітіріп, бесінші курсқа өткен кезім еді.

Ол мені үш жүзден таңдап алған аруым дейтін...»

Аз ғұмырында Бауыржан Үсенов мықты ақындығымен де, әнші-сазгерлігімен де танылған. Оның «Ақ шағаладан» бөлек бірнеше әндері болыпты. Ол шығармалары бізге жетпей түр. Кезінде нотаға түспеді ме әлде өзінен басқа жұрт үйреніп, келістіре орындай алмады ма, ол жағы беймәлім... Жақында дерек көздерінен Атыраулық әнші Әбдіхан Есенғалиевтің домбыраға қосып орындаған Бауыржан Үсеновтің «Перронда» деген әнін қайта-қайта тыңдадым. Минорлық ладта жазылған тәп-тәуір ән екен...

Ерекше тоқтала кетуіміз керек, Бауыржан 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысқан. Ол жайлы бірге болған досы Аманкелді Әбіл былайша еске алады:

«16 желтоқсан күні 4 қатар болып, орталық алаңға бет түзедік. Алаңға жақындай бергенде Бауыржан Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін бастады. Оған артта келе жатқан ҚАЗМУ студенттері түгел қосылып шырқағанда ән көкке шарықтады. Бауырженның даусы керемет қайталанбас дауыс еді ғой... Алаңға кірдік. Күн суық, ызғарлы. Өрт сөндіргіш машиналар алаңға оқтын-оқтын су шашады.

-Бауке, мұның соңы жаман болады, «қайтайық» дегенімде: -Бұл жүз жылда қайталанбайды. Көресің ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ бастауы осы күн болады»-деді ол жұлып алғандай . Ол кезде тәуелсіздікті ауызға алмақ түгілі, ойлаудың өзі қорқынышты еді...

Қайран досым тәуелсіздіктің босағасына келіп тұрып, тәуелсіздік таңының атқанын көре алмады...» Әбділдә Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада Бауыржан Үсеновтің екі өлең кітабы бар екен. Соның 2012 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Менің бұлтым» атты жыр кітабын парақтадым. Кітаптың соңғы жағындағы «Желтоқсан жаңғырығы» поэмасының алғы сөзіне автор былай деп жазыпты: «Алматыға жолым түсіп бара қалсам, міндетті түрде «Республика» атындағы алаңға соғамын. Алаңға кіре бергенде денем түршігіп, төбе-құйқам шымырлап кетеді. Есіме дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасы түседі. Мұздақ алаңның үстінде жығылып-сүрініп атой салған демократияның алғашқы қарлығаштарының ішінде қанға боялса да, қайтпай тұрып алған қыз жігіттердің арасында мен де сен де бар едік, Қайрат! Бірақ, бір-бірімізді танымайтынбыз. Алаң ортасынан бір зор айқай шығып тұрды. Күні бүгінге дейін сол айқай құлағымда жүр. Сол дауыстың иесі сен шығарсың деп ойлаймын. Себебі, сенің жазаң бәріміздікінен ең ауыр жаза болды ғой..»

Бауыржан Үсенов мұрасын зертеуші ақын Мырзахан Ахмет мынадай түйінді сөз айтады: «Бауыржан Үсеновтің өлеңдері өзінің көркемдігімен де, кемелдігімен де ерекше. Бірақ, ол осы уақытқа дейін өз оқырмандарын толық таба алмай келді. »Білгің келсе жырымды оқы, онда менің жүрегім тұр»,-деп ақынның өзі өсиет еткендей Бауыржанның кім екенін, қандай ақын болғанын білгісі келген әр қазақ оның өлеңін оқыса, сөз жоқ қазақ поэзиясының бір кәусарынан сусындаған болар еді. Сол кәусар бұлақтың көзі енді ашылды. Бұл ақынның сарғайып жатып, жарыққа әзер шыққан жыр кітабы.

Ия, ақын деген өлмейді жыр аманда...»деген рас екен... Мақала аяғында Светқали Нұржан ақынның тағы бір естелік сөзін бергіміз келді: »1991 жылың сәуірінде Алматыға курсқа бардым. Сонда Бауыржан Тараздан келіп, оқуын жалғастырғалы жүр екен. Жұмабай Құлиев, Табылды Досымовпен бірге солардың бөлмесінде отырып біраз сырластық. Шыққасын Тимириязов көшесіне дейін бірге келдік. Қимай қоштастық. Бір автобус келіп тоқтап, есігін екі жаққа ырситып ашты да қайта жауып, жұтып жіберді. Сол ең соңғы жүздесуіміз екен, көп ұзмай суық хабар жетті.

Ілесіп ап соңына бір ақ құстың
Жыраққа ұшқым келіп ед, жыраққа ұшқым
Өртеніп жатыр екен тау баурайы

Күйіп қалып қанатым құлап түстім,-деп өз тағдырын өзі болжаған Бауыржан неберы 31 жасында пәниден бақиға аттанып кете барды. Өткен жылдың мамыр айында Жамбыл облыстық теле арнасы «ЖЫР-ҒҰМЫР» атты деректі фильм түсіріпті. Осында талантты ақынның тағдыры біршама баян етілген.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №242

E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https// ret-gazeta.kz/